"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТКОМИТЕТІНІҢ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ"РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ "ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТАПО ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Түркістан қ.,Жаңа қала шағын ауданы, 32 көше 16-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000
Түркістан облысы бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616
000440001616

160002, г.Туркестан, микрорайон Жана Кала, улица 32, 16-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000
Департамент Казначейства по Туркестанской области БСН

№ 03-18 от 14.03.2024

УТЕГЕНОВА САУЛЕ ЛЕСКЫЗЫ

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің «Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Департамент) Сіздің, «Түркістан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесімен ашық конкурс тәсілімен ұйымдастырылған №11249788-2 «Түркістан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Ардагерлер үйі» КММ үшін ашық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу» мемлекеттік сатып алуына қатысты 28.02.2024 жылғы №207007, №206987 санды арыздарыңызға сәйкес келесіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» (*бұдан әрі - Қағида*) 6-қосымшасы, 2-тармағы, 7-тармақшасына сәйкес, конкурстық құжаттама (бұдан әрі – КҚ) мыналарды қамтиды:

Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттары, ал олар болмаған жағдайда сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге мемлекетаралық стандарттар көрсетілген техникалық ерекшеліктердің нысандарын қамтиды. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде осы КҚ-ға 12, 13, 14 және 15-қосымшаларға сәйкес мемлекеттік сатып алуды нормалауды ескере отырып, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары көрсетіледі;

бұл ретте сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелігінде өнім берушілерге қойылатын, берілетін тауарлардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес техникалық регламенттерде, стандарттар ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес келетінін растайтын құжаттарды беру туралы талап қамтылады;

әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерінде өндірушілерден немесе олардың ресми өкілдерінен (дилерлерден немесе дистрибьюторлардан) алынған хаттардың (сертификаттарының, куәліктерінің), техникалық паспорттардың, әлеуетті өнім берушінің техникалық ерекшеліктерінде көрсетілген өнімдердің сәйкестік сертификаттарының көшірмелерінің болуы туралы талаптарды көрсетуге жол беріледі;

егер техникалық паспорттар, өнімнің сәйкестік сертификаттары және тапсырыс беруші талап ететін басқа да құжаттар тауарды сатып алу кезінде не

Қазақстан Республикасының аумағына әкелу, оларды белгіленген тәртіппен тіркеу кезінде берілгенде, онда әлеуетті өнім беруші тауарларды жеткізу кезінде осындай құжаттарды ұсыну туралы кепілдік хат ұсынады.

Сонымен қатар, Қағиданың 6-қосымшасы, 18-тармағы, 2-тармақшасына сәйкес, Конкурсқа қатысуға өтінім мыналарды қамтиды:

сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге ұлттық стандарттарды, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттарды көрсете отырып техникалық ерекшелікті қамтиды.

Бұл ретте ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары, оның ішінде тауарлық белгілерін, қызмет көрсету белгілерін, фирмалық атауларын, патенттерін, пайдалы моделдерін, өндірістік үлгілерін, тауардың шығу жері мен өндірушінің атауын, және басқа да сипаттамаларын көрсете отырып, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер үшін осы КҚ-ға 13, 14, және 15-қосымшаларға, тауарлар үшін осы КҚ-ға 16-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша көрсетіледі.

Сонымен қатар, Қағиданың 238-тармағына сәйкес, әлеуетті өнім беруші, егер ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы мынадай негіздер бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса, конкурсқа қатысуға жіберілмейді (конкурсқа қатысушы деп таныла алмайды):

- *әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынуы, сондай-ақ техникалық ерекшелікте талап етілетін құжаттарды ұсынбауы.*

Мемлекеттік сатып алу веб-порталын зерделеу барысында, әлеуетті өнім беруші УТЕГЕНОВА САУЛЕ ЛЕСКЫЗЫ конкурсқа қатысуға өтінімінде Ұйымдастырушының техникалық ерекшеліктеріне сәйкес келмейтін техникалық ерекшелік ұсынылғандығы анықталды.

Осыған орай, конкурстық комиссиямен әлеуетті өнім беруші УТЕГЕНОВА САУЛЕ ЛЕСКЫЗЫ конкурстық өтінімі конкурсқа қатысудан негізді түрде шеттетілгені анықталды.

Онымен қоса, өтінішіңізде көрсетілген, әлеуетті өнім беруші «AK Metal Company» ЖШС-нің конкурсқа қатысуға өтінімі туралы уәждеріңіз өз дәлелдерін тапады, себебі әлеуетті өнім беруші «AK Metal Company» ЖШС -нің конкурсқа қатысуға өтінімінде Ұйымдастырушының техникалық ерекшеліктеріне сәйкес келетін техникалық ерекшелік ұсынылғандығы анықталды.

Сәйкесінше, Сіздің өтінішіңізде келтірілген уәждемелеріңіз расталмағанын мәлімдейміз.

Сонымен қатар, камералдық бақылау Заңның 47 бабы 5 тармағына сәйкес, мәлімделген талаптар *(дәлелдер)* шегінде жүргізілгенін мәлімдейміз.

Сондай-ақ, ҚР 2020 жылғы 29 маусымдағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік» Кодексінің 100 бабының 6 тармағына сәйкес, Сіз өтініш бойынша қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда шағымды қарайтын басқа органға немесе сотқа шағым жасауға құқылысыз.

Сонымен қатар, Заңның 47 бабының 9 тармағына сәйкес, осы бапта көзделген, дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Департамент басшысының орынбасары **А.Мұсабек**

Орындаған: Жорабек Қ
☎: 8-7253-35-76-15